Директоры: «Қазақстан елшілігінің хатын алғанбыз. Көмектесеміз. Бізде ескі қолжазбалар өте көп. Бірақ Орта Азияға байланыстылары аздау-ау деймін. Испанияның Андалусия өлкесін 711 жылдан 1492 жылға дейін арабтар биледі. Олар ғылым мен мәдениет бойынша үлкен із қалдырды. Испан елінде Кордова халифаты болған. Кордовада 830 жылдары салынған зәулім мешіт қазір де тұр. Севильядан да қамал, мешіт пен олардың биік мұнараларын көресіз. Гренада ше? Ол туралы ұзақ әңгімелеу керек. Осындай қалалардан көптеген Гарнати-Гранадалық, Ишбили - Севилиялық, Куртуби - Кордовалық, Тулайтили - Толедолық секілді т.б. ғалымдар шыққан. Олар қалдырған сандар жазба мұраларды әлем ғалымдары әлі зерттеуде. Біздің қолжазба қорында ортаазиялық ғұламалардан гөрі Мағрибтық (Тунис, Алжир, Марокко) және Андалусиялық ғалымдардың дүниелері көп. Мен араб тілі мен әдебиеті және исламтандың маманы емеспін. Ол жайлы қазақстандық қонақ менен жақсы білетін болар. Іске сәт. Бізден еш кедергі болмайды», деді.

Эскуриалдан әуелі ислам мәдениеті мен біліміне қатысты қолжазбалар каталогын парақтап шықтым. Нәтижесінде ортағасырлардағы Қазақстан мен Орта Азияның кемеңгерлері: Әбу Насыр әл-Фараби (870-950), Әбу Йакуб Сирадж ад-дин Йусуф бин Әбу



Бакр бин Мухаммед бин Әли әл-Хорезми ас-Саккаки (1160-1299), Сағад ад-дин Масуд бин Умар ат-Тафтазани (1322-1390), Әбу-л Қасым Махмуд бин Умар бин Ахмед аз-За-махшари әл-Хорезми (1075-1144) секілді т.б. ойшылдардың еңбектерін көрдім. Мені қуантқан Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) бабамыздың теріге жазылған 10 трактатының табылуы еді.

Әбу Насырдың жинағы 612 санмен беріліпті. Қолжазбаның бастапқы беттері ескіріп сарғайған. Жыртылған тұстары да бар. Санмен басталған беттегі шығарма атауынан кейін 16 жол тіпті көрінбеуге айналыпты. Оқылуы қиын болды. Одан кейінгі беттердегі жазуларды айқынырақ деуге болады. 5-беттен әрі қарай көптеген сөздердің асты қызыл-қоңыр сиямен сызылып отырған. Оны трактаттарды көшірген хаттат сызды ма, жоқ па, білмедім.

5-бет басмаламен басталған. Одан соң пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауат айтылған. Одан кейін «Тағлиқ ли-Әби Бакр Мұхаммед бин Йахия бин ас-Саииғ рахимаһу Алла ала китабиһи Әби Наср бин Мұхаммед әл-Фараби радиа Аллаһу анһу фи Исағуджи» деген жолдарды оқыдым. Қолжазба 126 бет.

Сондай-ақ Эскуриал кітапханасынан Шымкент қаласының шығысындағы 12 шақырым жердегі ежелгі Исфиджаб-әл-Байда-Сайрам қаласында орта ғасырларда туылған ағайынды екі ғалымның [Ала ад-дин ас-Сайрами – XIVғ.] мен [Сайф ад-дин ас-Сайрами әл-Масри әл-Ханафи] трактаттарының табылуын да үлкен оқиғаға балауға болады.



Ала ад-дин ас-Сайрами (Әли ибн Ахмед ибн Мұхаммед ас-Сайрами әл-Ханафи (?-1388) ортаазиялық ортағасырлық ас-Саккакидің «Мифтах әл-улум» атты трактатының бір бөлігіне 1342 жылы түсіндірме жазыпты. Көлемі 139 бет. Әр бет жолы 23 қатардан тұрады. Ал [Низам ад-дин] Йахия бин Йусуф ас-Сайрамидің (?-1429/1430 ж. қайтыс болған) дүниесі «Китаб Хашия әл-Мутаууал ли-шейх... Йахия бин Сайф ас-Сайрами» деп аталған. Сөйтіп оның еңбегінің ортаазиялық кемеңгер Сағад ад-дин ат-Тафтазаниге қатысы бар.

[Низам ад-дин] Йахия бин Йусуф жоғарыда айтылған Сайф ад-диннің баласы.

Кейбір деректерде оның аты-жөні Абд ар-Рахман ибн [Низам ад-дин] Йахия ибн Йусуф ибн Мұхаммед ибн Иса шейх аш-шуйух Адуд ад-дин ибн шейх аш-шуйух әл-аллама Сайф ад-дин ас-Сайрами әл-Ханафи деген ұлы да болғандығы айтылады.

Сондай-ақ оның есімі Әбу-л Аббас Таки ад-дин Ахмед бин Мұхаммед бин Мұхаммед бин Хасан Әли бин Йахия әл-Қустантини аш-Шумунни әл-Мисриге (1398-1468) байланысты да аталады. Деректерде аш-Шумунни дәріс алған ғұламалар ішінде [Низам ад-дин] Йахия бин Йусуф ас-Сайрами де бар.

Әбу Насыр әл-Фараби әлемге белгілі болса, ал қазақ жерінің ежелгі шаһарларының бірі Сайрамнан шыққан парасат иелерін жұрт түгілі ғалымдар да әдетте біле бермейді.

Араб қаламгерлері ортаазиялық тарихшы, ірі ғалымдар Джалал ад-

дин Гурлани, Сыр бойының шынары Хұсам ад-дин Сығнақи, Бұхаралық Хафиз ад-дин әл-Бұхари, имамдар шамшырағы деп танылған Мұхаммед Абд ас-Саттар әл-Кердери және т.б. атай отырып, осы тізімнің бас жағына Ала ад-дин ас-Сайрамиді бостан-босқа қоймаған.

Сайрами бабаларымыздың ізбасарлары Низам ад-дин ас-Сайрами мен оның баласы Абд ар-Рахман (Адуд ад-дин) ас-Сайрамилер де ата, әкелеріне тартып, білімді, парасатты азаматтар болған.

Ала ад-дин ас-Сайрами жайлы айтқанда арабтың аталмыш тарихшылары оған әл-алим (ғалым), әл-аллама (даңқты ғалым), мұдаррис әл-ханафийа (ханафи мазһабының ұстазы), шейх әл-хадис (хадистің шейхы [білгірі], әл-байан (сыпаттау), әл-фиқһ (мұсылман заңы), әл-усул (ғылым негізі) деген эпитеттер беріп, оларды құрметті эпитеттермен атауы, олардың сондай құрметтерге лайық болуынан деп ойлаймыз.

Осыған қарап қазақ жері қалаларының моңғол шапқыншылығынан соң XIV-XV ғасырларда да өз маңызын жоғалтпаған деуге болады. Осындай бабалармен бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның ұландары мақтануы керек.

Сайрамилер демекші, орта ғасырларда мамлюктер және ислам білім, ғылымы, мәдениетінің орталығы болған Каирге 2000-2013 жылдары халықаралық діни конференцияларға барған сайын жиын арасында атақты әл-Азһар университеті маңындағы ескі махаллаларды аралап, кезінде Бейбарыс бабамыз (1217-1277) салдырған мешіт пен медресені, ханакаларды көріп, бабалар ізімен талай жүрдім.

20 млн-дай халқы бар Каирдың бір ауданы қазір Сұлтан ағзам аз-Заһир Бейбарыс атамыздың атымен аталады.

Бейбарыс медресесін XIII-XIV ғасырларда тараздық үлкен ғалым һибатул-ла ат-Тарази (1272-1233) басқарғаны белгілі. Сөйтсек Тарази, Түркістани, Иқани, әл-Фарабилерден басқа, мұнда Сайрами атты бабаларымыз да тұрған екен және олардың бәрі де халық пен биліктің де үлкен құрметіне бөленген.

Каирге Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) де ат ізін салған деген деректер бар.

Жалпы ортағасырларда Египет пен Шам жұртында өмір сүріп, онда ізгілікті із қалдырған қазақ жерінің перзенттері аз емес.

Бейбарыс (1217-1277) мешітінен онша қашық емес әл-Худайри көшесіндегі ас-Сұргамишия медресесіне бір кездері Түркістан маңындағы Иқан селосының тумасы Қауам ад-дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357) де басшылық еткен.

Сайрамның саңлақтары

Сөйтіп Египет пен Шам елі және Багдад пен Басра шаһарларын да ежелгі мәдениет ошақтары десек, ол мәдениетте біздің Сайрами, Тарази (1272-1333), әл-Фараби (870-980), Түркістани, Сығнақи (1240-1317) Женди бабаларымыздың да қосқан мол үлесі бар.

Сонымен Испаниядан табылған бабалар мұрасымен таныстыру үшін Мадридтегі елшілігіміздің 1-хатшысын шақырдым. Ол аталған шығармаларды көзімен көріп, қолымен ұстады. Кітапхана директорынан маған олардың көшірмелерін жасап беруді өтінді.

Ал Эскуриал және Мадридтің ұлттық кітапханасында да Әбу Насыр әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты белгілі еңбегі және отырарлық тағы бір оқымысты әл-Джауһари әл-Фарабидің (?-1003) (Әбу Насыр Исмаиыл бин Хаммад (?-1003)) «Ас-Сихах» («Тадж әл-лұға уа сихах әл-арабийа») атты араб тілі мәселесіне арналған еңбегінің қолжазбаларын көрдім.

Бұл екеуінің аталмыш дүниелерін 2013 жылы Ыстанбұлдағы Сүлеймания кітапханасынан алып келгендіктен және олардың менде кітаби нұсқасы болғандықтан көшірмесін жасатуды қажет етпедім.

Есесіне Мадридтегі ұлттық кітапханадан Нидерланд астанасы Амстердамда 1966 жылы жарияланған неміс шығыстанушысы - арабист, библиограф Морис Штейншнейдердің (1816-1907) «Әл-Фараби» атты монографиясының көшірмесін түсіртіп алдым. (Moritz Steinschneider, Al-Farabi (Alpharabius) des Arabischen Philosophen Leben und Schriften, Amsterdam 1966).

М.Штейншнейдер ортағасырлық Ибн Саид әл-Қифти мен Ибн Әби Үсайбигаға сүйене отырып Әбу Насырдың 103 трактаттарының атын атаған. Ол осысымен де құнды.

Шынында да, Испанияның Андалусия өлкесінде ислам өркениетінің үлкен ізі қалған. Ол жерде ислам мәдениетіне де қызығушылық, құштарлық биік деңгейде еді. Ол жайлы академик И.Ю.Крачковский (1883-1950): «Арабтардың Испанияны жаулап алуының нәтижесінде араб тілі осы елдің дәулеттілер ортасының әдеби тіліне айналды. Бұл ретте айта кетер жайт – Испанияны арабтар алғанға дейін дүниаяуи әдебиет онда болған жоқ. Қолданыстағы латын тіліндегі кітаптар тек діни сарында ғана еді. Сауаттылық діни ортаға ғана тиесілі-тін. Сол себепті де арабтардың жаулап алуынан кейін 100 жыл өткенде, IX ғасырда, Кордова қаласының епископы былай деп жазды: «Менің діндестерімнің көпшілігі арабтардың өлеңдері мен ертегілерін оларды жоққа шығару үшін емес, керісінше осы тілде дұрыс та шебер сөйлеу үшін зерделейді. Латын тілінде оқып, қасиетті жазбаларға түсіндірме жасай алатын бірер адамның өзін табудың өзі қиын болып барады. Олардың арасында «Інжілді», елшілер мен сахабаларды оқытындар бар ма? Өкінішке қарай

христиан жастарының ішінде таланттылығымен көрінгендер тек қана арабтардың тілі мен әдебиетін ғана біледі, араб тіліндегі кітаптарға қызыға қарап зерделегені, өз тілдерін ұмытқаны сонша, латын тілінде аз-мұздап досына хат жаза алатындардың жүзден біреуі табылар ма екен? Керісінше араб тілінде жоғары деңгейде сөйлей алатындар мен осы тілде әдемі өлең жаза алатындар арабтардың өздерінен де көп», деп күйіне айтқанын келтіреді.

Арабтар Испанияға үлкен өркениет, мәдениет әкелген, кезінде испандықтар ислам мәдениетіне қатты қызыққан. Арабтар Андалусияға қала-

қызықтырғаны Фараб және Отырардан шыққан ғалымдарға арналған материалдар еді. Энциклопедияда Отырарға (авторы W.Bazthold [B.Spaler]) және одан шыққан Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фарабиге (R.Walzer), Әбу Насыр Исмаиыл бин Хаммад әл-Фарабиге (L.Korpf), Әбу Ибраһим Исхак бин Ибраһим әл-Фарабиге (H.Fleisgh) және жетісулық Жамал Қаршиге (P.Jackson), қалалардан Тараз (G.E.Bosworth), Женд (G.E.Bosworth) секілді шаһарларға да жеке-жеке құнды да тың материалдар пайдаланылып жазылған мақалалар беріліпті. Айта кетер жайт «Ислам энцикло-

(Alpharabius) des Arabischen Philosophen Leben und Schriften. Amsterdam 1996, 268 p.

Ал Испанияның ұлттық кітапханасындағы 627 қолжазба атақты Әбу Әли Ибн Сина (980-1037) (поэзиясына) қатысты боп шықты.

Қазақ жері рухани, мәдени жазба және материалдық мұраларға бай болған. Орта ғасырларда еліміздің әсіресе оңтүстігінде Баласағұн, Тараз, Шелжі, Жікіл, Исфиджаб-әл-Байда-Сайрам, Манкент, Отырар, Сүткент, Түркістан, Баладж, Сауран, Сығанақ, Қыпшақ, Аркөк, Асанас, Женд секілді үлкенді-кішілі шаһарлары, қорғандар мен қамалдары болды. Олар қадери халінше мәдени, ғылыми орталық қызметін де атқарды. Онда талай ойшылдар, кемеңгерлер, даналар, ғалымдар тұрып, құнды шығармалар туындатты. Өкінішке қарай түрлі жылдар мен ғасырлар, кезеңдерде ол дүниелер жан-жаққа шашырап кетті немесе жоғалды.

Мен тауып әкелген, көрсеткен жазба дүниелер солардың қаламынан туған, солардан қалған немесе солар жайлы жазылған еңбектер.

Олар орыс, қазақ тілдеріне аударылып, зерттелсе ұлтымыздың шынайы



Эскуриал кітапханасы

тарихын байытуға және қазақ мемлекеттілігінің құрылғанына байланысты жазылар, зерттеулер жобаларға көмегі тиері сөзсіз. Сол үшін оларды ғылыми айналымға кіргізе беру қажет. Сондай-ақ мұндай дүниелер:

– Қазақстанның ортағасырлық кезеңдеріндегі тарихын жаңа материалдармен байытады.
– Жоғары және арнаулы орта білім оқушыларына арналған оқулықтар мен оқу құралдарына Қазақстанның осындай ортағасырлық ғұламалары мен олардың еңбектерін кіргізе беру ләзім.
– Даланың ортағасырлық ғұламалары мен ойшылдарының шығармаларынан антология құрастыру керек.
– Олардың шығармаларын насихаттау және зерттеуге арналған халықаралық ғылыми теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар өткізу ләзім.
– Магистрлер мен Phd докторларына үміткерлер жазатын ғылыми жұмыстар мен диссертацияларға олардың өмірі мен шығармашылығына арналған тақырыптар ұсыну керек.

Испаниядан Әбу Насыр әл-Фарабидің төмендегі 10 трактаты, екі Сайрамидің шығармалары мен аталмыш М.Штейншнейдердің (1816-1907) де неміс тіліндегі әл-Фараби атты зерттеуін елге жеткіздім:

1. Кітаб тағлиқ Исагуджи ала фурфуриус.
2. Ард Әби Насыр фи кітаб Барирминийас.
3. Кітаб әл-ибда.
4. Кітаб Әби Насыр фи-л қийас.
5. Иртияа фи Кітаб ат-тахлил.
6. Калам ала аууал кітаб әл-бурхан ли Әби Бакр бин Йахиа.
7. Қаул Әби Бакр Мұхаммед бин Йахия Кітаб әл-Бурхан.
8. Шарх Садр әл-мақала әл-аууал бин кітаб Иқлидис ли-Абу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед әл-Фараби.
9. Шарх әл-мақала әл-халлис минһу ли-Аби Насыр айдан.
10. Кітаб әл-мақулат.
11. [Низам ад-дин] Йахия бин Йусуф [Сайф аддин әл-Мисри әл-Ханафи] ас-Сайрами. Кітаб Хашия әл –Мутаууал ли-шейх.
12. Ала ад-дин ас-Сайрами. Ас-Саккакидің «Мифтах әл-улумына түсіндірме».
13. Moritz Steinschneidez. Al-Farabi

**Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,
Р.Б.Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының
директоры, ҚР Жоғары мектеп
ҒА-ның академигі, филология
ғылымдарының докторы,
профессор.**

Муған Жерге еделем

Байқағын

Байқауда керек байкарды,
Талдағын және айғайды.
Үңілгін тағы көргенде,
Сағым боп көзді алдарды.

Болмасын жерің балшықтау,
Жетерсің жазса, қашық-ау.
Арбамен қоян алғанда,
Ойланып басқын, асықпа-ау.

Көнілің тілер бәрін де,
Ауыспа болған күндерде.
Уақыттың өзі емші ғой,
Кисыңды сәтті жөндерде.

Абайла достым, абайла,
Қараңғы жолсыз түндерде.
Барғын-ау /баба/...басына,
Сапарға шығар күндерде.

2002 жыл.

Құрметті апай Ақтамақ

Апайым деп Ақтамақ,
Асығады балалар!
Мейірінен бақ тарап,
Тасынады балалар!

Апайым деп Ақтамақ,
Әр күн ешкім қалмайды.
Өлең мен ән жаттап ап,
Апайына арнайды.

Білетін тілді баптауды,
Балабақша ғажап-ақ.
Балабақша ұжымы,
Дайындауда «Азамат».

Балалардың барлығы,
Ақтай білсін үмітті.
Азамат болсын әрбірі,
Білімді де білікті.

Бала пейіл періште,
Шын жақсыны мақтамақ.
Кенеліңіз жеміске,
Құрметті апай Ақтамақ.

2014 жыл

Ғабийн Мүсіреповке

Таулардың таусылмаған сырларына,
Жан тимеген ерекше қырларына.
Теңеймін, теңей берем сізді аға,
Ғаламның қайта тумас ұлдарына.

Талағай тіршілікте аласармай,
Сүйсінтіп баурадыңыз қуантардай.
Ана деген алыптар бейнелерін,
Жасапсыз күнмен теңдес шуақтардай.

Оқыған талай адам таңғалатын,
Бейнелердей болсақ деп тамсанатын.
Арманға үміт жаққан көп кейіпкер,
Жүрекке тағы барып сомдалатын.

Өнердің таусылмайтын кереметі,
Баурап-ап жаныңызды билетеді.
Бір тумас, өміршең қас жүйріктері,
Өз халқың болмақтарға үйретеді.

Айдынды Алақөл даласы небір айбынды ұлдарымен мақтана алады. Солардың бірі, халықаралық ақпараттан-дыру академиясының академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, бөдене құсын зерттеп Қазақстанда тұңғыш кандидаттық диссертация қорғаған ғалым, Екпінді ауылының тумасы, қазіргі уақытта орман ресурстары және аңшылықтану кафедрасының қауымдас-тырылған профессоры, 120 - дан аса ғылыми еңбегі бар азамат, «Алаш ұстазы» және «Отан патриоты» медальда-рының иегері, ақын, Қазақстан авторлары қоғамының мү-шесі Байбатшанов Мұхтар Қасенұлының бір топ өлең-дерін назарларыңызға ұсынамыз.

Ол - жас аға

Олжас Сүлейменовке

Бірдің емес бір халықтың муң - мұқтажын айтатын,
Барша жанды «бауырым» деп бауырына тартатын.
«Артық туған ерлерім» мен елім қандай бақытты,
Ар алдында арсыздарды жер ғып, «жоқ қып» басатын.

Көзі болып халықтың, сөзі болып алыптың,
Қиын қыстау кезеңдермен болғандығын сан ұқтым.
Орын алып әр жүректің төрінен
Және дағы санасында «мәңгі қалып тарихтың».

Тебіренгіп тәнті ғып, барын айтты «жайтты» ұғып.
Өрлігімен ерлігіне қайран қалды «топ» тұрып.
Ризалықтың отын мәңгі жүрегіне жақтырып,
Жүрген біздің «ТАУ тұлғалар» тұрады ылғи жаңғырып.

Жаңғырығы біз үшін-ау әлі талай тақырып,
Тақырыбы шақыратын шабытымызды асырып.
Шақырудан шаң жұқпайтын жыр жазып,
Рух аламын Ол ағадан Жас ағадан жаңғырып,
Бітпесін деп жаңғырық, бітпесін тек жаңғырық.
... Олжас аға!!! Мәңгілікке жаңғырып...

2003 жыл

Кенжесхан апайым 70 жасқа толғанда

Құтты болсын мерейленген жасыңыз,
Жасыңызға тағы көп жас қосыңыз.
Ел алдында, бала-шаға қасында,
Жүзге жетіп, одан ары асыңыз.

Жарқыратып ақыл, білім шырағын,
Өткердіңіз талай тағдыр сынағын.
Бар қазаққа мәлім болды атыңыз,
Мақаншыдан шыққан мықты мұғалім.

Алдыңыздан атсын өмір нұр-таңы,
Бойыңызда батырлықтың жүр қаны.
Өзіңізге ұзақ өмір тілейміз,
Қаракерей Қабанбайдың ұрпағы!

2019 жыл

Дүбірлеген жыл тоуы тез өтеді


Жаңа жылда жаңа ойды алаулатып,
Келер күнге үмітпен қарау бақыт.
Шырша айналған жандармен айналуға,
Көңіл ғашық болатын "талай жақұт".

Шырқап билеп барлығы ән салады,
Ескі әуендер қайтадан шырқалады.
Құтты болсын айтумен жаңа достар,
Жаңа жылды ерекше той қылады.

Осылай қарсы алуға не жетеді,
Дүбірлеген жыл тойы тез өтеді.
Барша жанға үміттің дәнін берген,
Жаңа жылға Әй-қалқа не жетеді?

Не жетеді, Әй-қалқа не жетеді...

2004 жыл



Алақөл деген қазақтың Алтын алқасы

Күлдір де, күлдір күренді мінген кешегі,
Анамның ары, бабамның бағы беселі.
Қасиет қонған, өсиет болған біздерге,
Алақөл жақтан сыр толы самал еседі.

Тарихтың аршып ақтарар болсам қойнауын,
Берекем артып, аспандай түсер айбарым.
Найзасын ұстап Қабанбай өткен бұл мекен,
Көтеріп көкке қазақтың кие байрағын.

Сол үшін қымбат алтындай маған әр тасы,
Тектілік тұнған ырыстың қайнар ортасы.
Сағынып барсам анамдай құшақ жаятын,
Алақөл деген қазақтың – Алтын алқасы.

2018 жыл

Сен мені білмейсің ұғынбаған,
Ұғынбаудан осы өлең туындаған.
Оралса деп баяғы күнім маған,
Қиялымның өзі де қиындаған.

Сен мені білмейсің түсінбеген,
Түсінбеген сәтіне кешім етем.
Ұғынып бір кешір деп келгенің де,
Сол бейненді өлеңғып мүсін етем.
Сен мені білмейсің
...Қайтейін.

2003 жыл

Жабырқау қалада көңілсіз күн кешем,
Болашақ жалғанмен сенімсіз тілдесем.
Жоғалтып алардай жақсысын жаһанда,
Күздегі ағаштай мұңдасып үндесім.

Көгілдір аспаным тұнжырап тұмшалап,
Сезімін әкелді маған да «шымшылап»,
Жанымның әрлігін және де нәрлігін,
Бездіртіп жіберген «құрсыншы күнсымақ».

2003 жыл

Ауыл,
Ауыл,
Өкпесі жоқ
Бауыры көп бар ауыл.
Өркендей бер,
барды берген әр ауыл
Сол ауылды
Жығатындай бір дауыл,
Өкпектейді-ау,
Өспей қалғыр, Көк дауыл,
Құрысыншы,
Өссінші
Барды берген, ауыл,
қанаттансын
Жаңарумен жақұты жанаттансын.
Және аттансын
Баяғыдай барыменен барына,
Тағы...Арына...Бағына
Ауыл.
Ауыл.



Өзгерістер енгізілді



Сопроводительные накладные на товары

УГД по району сообщает, что в соответствии со статьей 176 Налогового кодекса с 1 января 2020 года налогоплательщики обязаны выписывать сопроводительные накладные на товары (СНТ) при перемещении, реализации и (или) отгрузке товаров по территории Республики Казахстан (не позднее дня начала транспортировки или отгрузки); при ввозе товаров на территорию Казахстана с территории государств, не являющихся членами Евразийского экономического союза (не позднее дня, следующего за днем выпуска товаров в свободное обращение); при ввозе товаров на территорию РК с территории государств, государств-членов ЕЭС (не позднее дня, предшествующего дню пересечения Государственной границы Республики Казахстан); при вывозе товаров с территории Республики Казахстан (не позднее дня начала перемещения, реализации и (или) отгрузки товаров).

Для большинства товаров оформление сопроводительных накладных начнется с 1 апреля 2020 года. С 2020 года СНТ появится в ЭСФ и модуле Виртуальный склад. Обязанность по выписке СНТ возникает не только при отгрузке и транспортировке подакцизных товаров (алкоголь, табак, нефтепродукты), но и при: импорте, реализации, перемещении товаров, входящих в перечень изъятий, импорте, реализации, перемещении маркированных товаров (табачные изделия, обувь и пр.) импорте, реализации, перемещении некоторых подакцизных товаров (нефтепродукты, алкогольная продукция и этиловый спирт и пр.) перемещении и реализации товаров, импортированных ранее из ЕАЭС.

Перечень товаров, на которые распространяется обязанность по оформлению сопроводительных накладных на товары:

1. Товары, код товарной номенклатуры внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза (далее – ТН ВЭД ЕАЭС) и наименование которых

включены в перечень товаров, в отношении которых Республикой Казахстан в соответствии с обязательствами, принятыми в качестве условия присоединения к Всемирной торговой организации, применяются ставки ввозных таможенных пошлин, более низкие по сравнению со ставками пошлин Единого таможенного тарифа Евразийского экономического союза, утвержденный решением Совета Евразийской экономической комиссии от 14 октября 2015 года № 59.

2. Этиловый спирт и (или) алкогольная продукция, производство и оборот которых регулируется Законом Республики Казахстан от 16 июля 1999 года «О государственном регулировании производства и оборота этилового спирта и алкогольной продукции».

3. Отдельные виды нефтепродуктов, производство и оборот которых регулируется Законом Республики Казахстан от 20 июля 2011 года «О государственном регулировании производства и оборота отдельных видов нефтепродуктов».

4. Биотопливо, производство и оборот которого регулируется Законом Республики Казахстан от 15 ноября 2010 года «О государственном регулировании производства и оборота биотоплива».

5. Табачные изделия, производство и оборот которых регулируется Законом Республики Казахстан от 12 июня 2003 года «О государственном регулировании производства и оборота табачных изделий».

6. Товары, подлежащие маркировке в соответствии с международными договорами и законодательством РК.

7. Товары, ввозимые на территорию РК с территории государств-членов Евразийского экономического союза.

8. Товары, вывозимые с территории РК на территорию государств-членов Евразийского экономического союза.

УГД Алакольского района.

ларын жүзеге асыру кезінде бейне және фото фиксация құралдарымен жарақтандыру (Өсімдіктер карантині туралы) ҚРЗ);

- тіркеуден кейінгі бақылауды жүзеге асыру кезінде бұрын тіркелген пестицидтерге тіркеу куәліктерін қайтарып алу үшін негіз белгілеу «Өсімдіктерді қорғау туралы» ҚРЗ);

- карантинге жатқызылған өнімге тек әкелінетін ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өткізілетін өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды белгілеу;

- бактериялық күйігін жұқтырған жеміс-жидек дақылдарын оқшаулауға және жоюға бағытталған іс-шараларды уақтылы өткізуге АШТӨ-ні ынталандыру;

- фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту («Өсімдіктерді қорғау туралы» ҚРЗ).

Сондай-ақ, көршілес мемлекеттермен шекара маңы аумағындағы фитосанитариялық бекеттерде карантиндік фитосанитариялық бақылаудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін Кәсіпкерлік кодекске «мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, жалған пестицидтерді өткізу, сақтау, қолдану және (немесе) әкелу фактілерін анықтау бойынша аумақтар мен объектілерге тексеру жүргізу, мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерінің жай-күйін айқындау бойынша бақылауды жүзеге асыруды» енгізу көзделген.

Сонымен қатар, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 415 және 416-баптары шеңберінде пестицидтер айналымы саласындағы техникалық регламенттердің талаптарын бұзғаны үшін хаттамалар мен қаулылар толтыру құқығы берілді.

Жалпы қолданыстағы заңдар мен кодекстер Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтірілуде, сондай-ақ, өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы құқықтық реттеудегі олқылықтар, қайшылықтар және коллизиялар жойылуда.

ҚР АШМ АӨК МИК аудандық аумақтық инспекциясы.

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 28 қазандағы №268-VI Заңының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бұдан әрі – Заң) шеңберінде өсімдіктер карантині және оларды қорғау мәселелері бойынша мынадай негізгі түзетулер енгізілді:

- шегіртке, қауын шыбыны, оңтүстік америкалық қызанақ күйесі, жеміс ағаштарының бактериялық күйігі, мемлекеттік қор жерлеріндегі карантиндік арамшөптерді қоспағанда, зиянды, аса қауіпті зиянды организмдерге, карантиндік объектілерге қарсы химиялық өңдеу жүргізу бойынша АШТӨ-ге жауапкершілікті бекіту («Өсімдіктер карантині туралы», «Өсімдіктерді қорғау туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды мемлекеттік реттеу туралы» ҚРЗ);

- Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік кірістер органдарынан мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау функцияларын өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті органның ведомствосына кері қайтару («Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» кодексі және «Өсімдіктер карантині туралы» ҚРЗ);

- залалданған карантинге жатқызылған өнімді әкелуге және карантиндік объектілердің таралуына жол бермеу негізінде уақтылы шараларды қабылдау мақсатында уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды, шұғыл шараларды енгізу тәртібін бекіту жөніндегі ұғым мен құзырет анықталды («Өсімдіктер карантині туралы» ҚРЗ);

- карантиндік объектілердің өміршеңдік қабілетін айыру және ағаш буып-түю материалын зарарсыздандыру бойынша технологиялары бар кәсіпорындардың есебін жүргізу («Өсімдіктер карантині туралы» ҚРЗ, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚРЗ);

- өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторларды бақылау, іске асыру функция-

Сегодня телевизор стал неотъемлемой частью жизни. Каждый день миллионы людей наслаждаются просмотром любимых телевизионных программ, сериалов и фильмов, но мало кто знает, как осуществляется сам процесс доставки телевизионной картинки и звука до телевизоров.

В настоящее время в Казахстане функционируют два типа эфирного вещания, это - аналоговое и цифровое. На сегодняшний день уровень охвата цифровым эфирным вещанием составляет 83,93% населения, а это порядка 13,4 млн казахстанцев.

Что собой представляет аналоговое и цифровое телевидение?

Аналоговое эфирное вещание - это телевизионная система, использующая для передачи изображения и звука непрерывный сигнал. На сегодняшний день аналоговое телевидение считается устаревшим, одним из основных минусов которого является уязвимость сигнала, что приводит к помехам, ухудшению качества изображения и звука.

Чтобы вы узнали больше об аналоговом и цифровом эфирном вещании мы расска-

В чем преимущества цифр?



жем вам на примере телебашни «Көк-Тобе» и ее «Аппаратном зале аналогового оборудования».

Для ретрансляции сигнала телеканалов по сети аналогового телевидения используется один передатчик и одна частота.

Для ретрансляции телеканалов используется сеть фидерных устройств, которая передает сигналы на мост сложения.

Мост сложения – складывает сигналы от трех телеканалов и передает их на одну ретранслирующую антенну.

С целью обеспечения бесперебойной работы сети аналогового эфирного вещания в кабине управления контроля постоянно дежурит инженер мониторинга сети. Специалисты наблюдают за бесперебойной работой всех систем. В случае возникновения неисправности и прерывания подачи сигнала, специалистами в ручном режиме задействуются резервные источники подачи сигнала телерадиопрограмм.

В свою очередь, цифровое телевидение передает видео- и

аудиосигналы от транслятора к телевизору, используя цифровое кодирование и сжатие данных. Этот вид телевидения отличается более качественными картинкой и звуком.

Цифровой сигнал позволяет передать большее количество телеканалов при использовании одной частоты. Посредства одного мультиплексирующего оборудования могут ретранслироваться до 15 телеканалов. В городах республиканского значения и областных центрах задействованы по два мультиплекса, а в населенных пунктах ниже областного центра по 1 мультиплексу.

В цифровом эфирном вещании подача телевизионного сигнала полностью автоматизирована. Прием сигнала осуществляется посредством космических аппаратов Kazsat - 3 который является основным источником телесигнала и Kazsat – 2 резервный.

АО «Казтелерадио».



